

Г.Б. Мамраева, К.К. Рахимжанова

Қарағанды «Болашақ» маңызды білім беру колледжі
(E-mail: mamraevag@mail.ru)

Қазақстан Республикасындағы депозит нарығының қазіргі жағдайы

Мақалада Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейлі банктердің пассивтік операцияларындағы депозит нарығына зерттеу жүргізілген. Сондай-ақ еліміздің депозит нарығы қатысушыларына талдау жасалған. Депозит нарығына халықтың қаржы ресурстарын көптеп тарту үшін салымдарға кепілдік беру қоры тарапынан өтелетін өтемақы да қарастырылған. Соның барысында екінші деңгейлі банктердің депозиттік базасындағы заңды және жеке тұлғалардың салымдарының үлесі зерттелген. Бүгінде еліміздегі депозиттер мөлшерлемесінің өсуіне валюталық депозиттердің қайта бағалануы мен мемлекеттің қаржы нарығына араласуы оңтайлы әсер етуде.

Кілт сөздер: депозит, коммерциялық банк, сақтандыру, валюта, «инфляциялық шок», банк жүйесі, депозиттік порфель, міндеттеме, депозиттік саясат, депозит нарығы.

Коммерциялық банктер басқа да шаруашылық қатынастағы субъектілер сияқты өзінің коммерциялық және шаруашылық қызметін қамтамасыз ету үшін ақшалай қаражаттың, немесе ақша ресурстарының, белгілі бір сомасын иеленуі қажет. Қазіргі таңдағы экономиканың дамуында ресурстарды қалыптастыру мәселесі аса маңызды мәнге ие болып отыр. Осы кезде Қазақстанның банк жүйесі күннен күнге тұрақты әрі сенімді болып келеді. Тәуелсіздік алғаннан бері Ұлттық банктің алдында тұрған негізгі мәселелер – қаржылық секторды тұрақтандыру, нормативтік-құқықтық базаны жақсарту, тиімді төлем жүйесін қалыптастыру және банктік қадағалауды күшейту. Елдегі банктердің негізгі мақсатына депозиттік саясаттың жүзеге асырылуын және деңгейін мысал негізінде көрсету, сонымен қатар қалыптасқан жағдайларды жақсарту жолдарын іздестіру және банктердің депозиттік қызметтерінің үлесін арттыру жолындағы жаңа идеяларды анықтау жатады. Банктік жүйеге деген халық сенімін арттыру қазіргі күнде де маңызды мәселе болып отыр. 2000 жылдың 16 ақпанынан бастап іске қосылған жеке тұлғалардың салымдарын сақтандыру жүйесі халықтың банктерге деген сенімді біршама арттырды.

Коммерциялық банк кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің, халық және де басқа банктердің құралдарын салым (депозит) нысанында және осы салымға сәйкес шоттарды ашу арқылы тарту мүмкіндігін иеленеді. Банкпен тартылатын қаражаттар құрамы бойынша әр түрлі болып келеді. Олардың басты түрлері: клиенттермен жұмыс істеу үрдісінде банкпен тартылған құралдар (депозиттер), меншікті борышкерлік міндеттемелерді (депозиттік және жинақ сертификаттарын) шығару жолымен шоғырландырылған құралдар.

Барлық банктік нарықтың маңызды құрамдас саясаты — бұл ресурстық базаның қалыптасу саясаты. Банк әрқашан пассивтік операцияларды жүзеге асыру үрдісіндегі ресурстық базаның қалыптасуындағы банктің активтік операцияларына қатысты бірінші әрі анықтаушы рөлді ойнайды. Банктік ресурстардың негізгі бөлігі бәрімізге белгілі депозиттік операцияларды жүргізу үрдісінде құрылады, осы операцияларды дұрыс әрі тиімді ұйымдастыруға кез келген несиелік ұйымның қызмет етуінің тұрақтылығы тәуелді. Осыған байланысты пассивтерді тиімді басқару арқылы ресурстар әлеуетін өсіру және оның тұрақтылығын қамтамасыз ету, өзгеше өзектілік пен маңыздылықты иеленуде [1].

Банк жүйесіндегі қарқынды бәсекелестік жағдайына байланысты коммерциялық банктер халық салымдарын тартуда белсенді қызмет атқарады. Тұрақты банктік жүйе халық сенімділігін арттырумен қатар, халықаралық қаржы нарығына жедел түрде енуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі екінші деңгейлі банктерге олардың депозиттік нарықтағы қызмет ету бағытын анықтауда, сонымен қатар депозиттік саясатын қалыптастыруға біршама еркіндік беріп отыр. Негізінде, коммерциялық банктер депозиттік саясатты анықтау барысында тартылған ресурстарды орналастыру мүмкіндіктері, клиентуралық нарығы және тағы басқа ішкі жағдайларды және инфляция деңгейі, ұлттық валюта курсы және Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісінің саясаты және тағы басқа сыртқы жағдайларын ескереді.

Нарықтық экономика жағдайында қосымша ресурс тарту мүмкіндігі, банктердің қаржылық тұрақтылығы, олардың тартымдылығы, яғни қызмет көрсету деңгейі, клиенттеріне деген қарым-қатынастары және әр түрлі салымшылардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын түрлі қаржылық құралдардың болуы заңды деп саналады. Банк жүйесіндегі қарқынды бәсекелестік жағдайға байланысты коммерциялық банктер халық салымдарын тартуда белсенді қызмет атқарады. Тұрақты банктік жүйе халық сенімділігін арттырумен қатар, халықаралық қаржы нарығына жедел түрде енуге мүмкіндік береді [2]. Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерінің депозиттік саясатының ақша-несие жүйесіндегі орны мен депозиттік нарықты жаңашаландыру жолдарының күрделілігімен өзекті болып табылады. Қазақстан Республикасы депозиттік нарығы еліміздегі қаржы нарығының бірден-бір дамып отырған сегментіне жатады. Депозиттік нарық заңды және жеке тұлғалардың банктік салымдарының жиынтығын құрайды. Депозиттік нарықтың ажырамас бөлігі – депозит, яғни бұл клиенттердің (жеке және заңды тұлғалардың) банктегі белгілі бір шотқа салған және өздері пайдалана алатын ақша қаражаттары болып табылады.

Қазақстан Республикасының депозит нарығы күрделі де қарқынды дамып келе жатқан жүйе бола отырып, ішкі және сыртқы факторлардың әсерін әр уақытта өзіне қабылдап отыр. Экономикадағы әр түрлі экономикалық, саяси және әлеуметтік жағдайлардың әсері депозит нарығының дамуына да әсер етеді. Бұған қарамастан, депозит нарығының даму қарқыны өзінің жеке заңдылықтары мен ерекшеліктеріне ие болып отыр. Бұл жағдайларды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі жариялаған және өзіміз есептеген статистикалық мәліметтер негізінде депозит нарығына сипаттама бере отырып, оны салыстырмалы талдау негізінде көрсетуге болады. Еліміздегі депозит нарығының тұрақты дамуы және бүгінгі әлемдік қаржы дағдарысына төтеп беретіндей шараларды іздестіру үшін алдымен оның қазіргі жағдайына талдау жасау керек.

1 - кесте

Заңды және жеке тұлғалардың банктердегі салымдары

Млн тг (кезеңнің соңына)

Аймақ атауы	Салымдар, барлығы	Заңды тұлғалардың салымдары	Оның ішінде			
			талап ету бойынша ағымдағы шоттар		мерзімдік (оның ішінде шартты)	
			Оның ішінде		Оның ішінде	
			Ұлттық валютада, мың тг	Шетел валютасында	Ұлттық валютада	Шетел валютасында
1 қаңтар 2016 ж.						
Қарағанды облысы	528136	151618	39939	27580	22943	61156
Қарағанды қаласы	430402	129097	32887	22986	16192	57033
Қостанай облысы	283241	94150	23391	8163	28323	34274
Қостанай қаласы	283241	94150	23391	8163	28323	34274
Қызылорда облысы	129661	63183	14117	26140	4561	18364
Қызылорда қаласы	128387	62907	13971	26010	4561	18364

Кестеден көріп отырғанымыздай, басқа аймақтарға қарағанда халықтың банктегі салымдары Қарағанды облысында өте жоғары көрсеткішке ие. Қарағанды аймағын Қостанай облысымен салыстыратын болсақ, Қарағанды облысында салымдардың жалпы көлемі — 244895-ға артық [3]. Ал, Қызылорда облысымен салыстыратын болсақ, Қарағанды облысы — 398475-ға жоғары көрсеткішті көрсетіп отыр. Осыдан Қарағанды облысында халықтың бос ақша қаражатының жоғары екенін көріп отырмыз. Ұлттық валютаның девальвациясы мен валюталық активтер курсының қайта бағалануы депозиттік салымдардың өсуіне алып келді. 2015 жылдың ақпанындағы қорытынды бойынша еліміздің банктердегі жалпы салым көлемі 10,9 трлн тг жеткен. Салыстырмалы түрде қарасақ,

былтырғы жылдағы салымшылардың депозитке салған ақшасы 10,7 трлн тг құраған болатын. Осылайша жиынтық портфель депозиті 115 млрд тг өсіп отыр. Еліміздегі екінші деңгейлі 35 банктің тек 18-інде ғана салымшылардың саны артқан. Депозит көлемі бойынша қазір Қазақстан Халықжинақбанкі, Казкоммерцбанк, KaspiBank, БанкЦентрКредит, Жинақбанк, Цеснабанк, Тұрғынүйқұрылысжинақ банктері көш бастап тұр.


2 - кесте

Халықтың ұжымдық сақтандыру жүйесіне кіретін банктердегі салымдары 01.02.2016 ж.

Млн тг (кезеңнің соңына)


Көрсеткіштер	«Қазақстан Халық-жинақ-банкі» АҚ	«Казком-мерцбанк» АҚ	«Kaspi-Bank» АҚ	«Банк-Центр Кредит» АҚ	«Жинақ-банк» АҚ	«Цесна-банк» АҚ	«Қазақстан тұрғынүй-құрылыс-жинақ банкі» АҚ
Халықтың салымдары, барлығы	1511454	1483088	659411	550348	517267	545323	302753
Талап ету салымдары, барлығы	171144	128805	29158	36181	33603	15135	2191
Шартты салымдар, барлығы	2676	7817	119	388	194	15305	4
Мерзімдік салымдар, барлығы	13337634	1346465	630134	513779	483469	514882	300562
Халықтың салымдарының жалпы сомасындағы банктің үлесі, %	21,03	20,63	9,17	7,66	7,20	7,59	4,21

Халық салымдарының ең көп жинақталған ең үздік банктері Қазақстан Халықжинақ банкі» АҚ — 1511454, салымдарындағы банк үлесі — 21,03 %, «Казкоммерцбанк» АҚ — 1483088, салымдарындағы банк үлесі — 20,63 %, «KaspiBank» АҚ — 659411, салымдарындағы банк үлесі — 9,17 %, «БанкЦентрКредит» АҚ — 550348, салымдарындағы банк үлесі — 7,66 %, «Жинақбанк» АҚ — 517267, салымдарындағы банк үлесі — 7,20 %, «Цеснабанк» АҚ — 545323, салымдарындағы банк үлесі — 7,59 %, «Қазақстантұрғынүйқұрылысжинақ банкі» АҚ — 302753, салымдарындағы банк үлесі — 4,21 %-ды көрсетіп отыр. Сонымен қатар, статистика агенттігінің мәліметтеріне сүйенетін болсақ, төмен көрсеткіш көрсетіп отырған: «АзияКредитБанк» халық салымдарының барлығы — 52566, салымдарындағы банктің үлесі — 0,73 %, «Қазинвестбанк» АҚ — 10155, салымдарындағы банктің үлесі — 0,14 %, «Delta Bank» АҚ — 10155, салымдарындағы банктің үлесі — 0,14 %, «Банк Хоум Кредит» АҚ — 9410, салымдарындағы банктің үлесі — 0,13 %, «Астананың банкі» АҚ — 29911, салымдарындағы банктің үлесі — 0,42 %, «Банк Kassa Nova» АҚ — 7297, салымдарындағы банктің үлесі — 0,10 %, «Ситибанк Қазақстан» АҚ — 3957, салымдарындағы банктің үлесі — 0,06 %, «Қазақстандағы Қытай Банкі ЕБ АҚ — 6 639, салымдарындағы банктің үлесі — 0,09 %, «Қазақстан Зират Халықаралық банкі» ЕБ АҚ — 6415, салымдарындағы банктің үлесі 0,09 % құрап отыр [3]. Ендігі кезекте екінші деңгейлі банктердің депозиттік базасындағы заңды және жеке тұлғалардың салымдарының үлесін төмендегі 1 суреттен көруге болады.



1-сурет. 2013–2015 жж. Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейлі банктердің депозиттік базасының құрылымы, %

Жалпы қазақстандық екінші деңгейлі банктердің депозиттік базасының құрылымында 2013 ж. заңды тұлғалардың салымдары 67,3 %-ды, жеке тұлғалардың салымдары 32,7 %-ды құраса, 2014 ж. заңды тұлғалардың салымдары 61,3 %-ды, жеке тұлғалардың салымдары 38,7 %-ды құрады. Сондай-ақ 2015 жылдың соңында заңды тұлғалардың салымдары 57,7 %-ға дейін төмендесе, жеке тұлғалардың салымдары 42,3 %-ға дейін өскені жоғарыдағы суретте көрсетілген. Жалпы, суреттен көріп отырғанымыздай, 2013–2015 жж. аралығында заңды тұлғалардың салымдары 67,3 %-дан 57,7 %-ға дейін төмендеген, жеке тұлғалардың салымдарының үлесі 2013–2015 жж. аралығында 32,7 %-дан 42,3 %-ға дейін өсті [4]. Келесі кезекте банктердің валюта түрлері бойынша жиынтық активтері мен міндеттемелерінің %-бен берілген өтімділігі жоғары активтері 2-суретте бейнеленген.




2-сурет. 2013–2015 жж. банктердің валюта түрлері бойынша жиынтық активтері мен міндеттемелерінің %-бен берілген өтімділігі жоғары активтері, %

Жоғарыдағы суреттен көріп отырғанымыздай, ұлттық валютадағы жоғары өтімді активтердің үлесі 2013 ж. 39 %-ды құраса, 2014 ж. соңында 19 %-ды құрап, 2013 жылмен салыстырғанда 20 %-ға дейін төмендесе, 2015 ж. аталмыш көрсеткіштің үлесі 31 %-ға дейін қайта өсіп отыр.

Ұлттық валютадағы өтімділігі жоғары активтердің талап еткенге дейінгі міндеттемелеріне қатынасы (3 айға дейінгі міндеттемелер) 2013 ж. 103 %-ды құраса, 2014 ж. 59-ға төмендеп, 2015 ж. 106 %-ға дейін қайта өсті. Ал, шетел валютасындағы жоғары өтімді активтердің міндеттемелерге қатынасы 2013 ж. 28 %-ды құраса, 2014–2015 жж. аралығында өзгеріссіз 31 %-ды құрады.

Жеке тұлғалардың теңгедегі салымдары 2006–2012 жж. аралығында 52 %-дан 58 %-ға дейін өсіп, 2013 ж. 61 %-ды құраса, 2014 ж. 56 %-ға дейін, 2015 ж. 32 %-ға дейін төмендеген. Ал, шетел валютасындағы жеке тұлғалардың салымы 2006–2012 жж. аралығында 48 %-дан 42 %-ға төмендесе,

2013 ж. 39 %-ды құрап, 2014 ж. 44 %-ға, 2015 ж. 68 %-ға дейін өскенін байқауға болады. Сондай-ақ ұлттық валютадағы жалпы салымдардың көлемі 2006–2012 жж. аралығында 22 %-дан 28 %-ға дейін өсті. Ал, 2013 ж. 30 %-ды құраса, 2014 ж. өсім 7 %-ды құрап, 2015 ж. 35 %-ға дейін төмендеу байқалды (3-сур.).



3-сурет. 2006–2015 жж. жеке тұлғалардың валюта бойынша салымдары және жылдық өсімі, %

Келесі кезекте заңды тұлғалардың валюталар бойынша салымдары мен жылдық өсімі төмендегі 4-суретте көрсетілген.



4-сурет. 2006–2015 жж. заңды тұлғалардың валюталар бойынша салымдары және жылдық өсімі, %

ЕДБ-дегі заңды тұлғалардың салымы 2006–2012 жылдар аралығында 59 %-дан 72 %-ға дейін өссе, 2013 ж. 74 %-ды құрап, 2014 ж. 67 %-ға дейін төмендеп, 2015 ж. салыстырғанда 7 %-ға төмендеді, ал 2015 ж. заңды тұлғалардың салымдары 48 %-ды құрап, 2014 ж. салыстырғанда 19 %-ға дейін төмендеген. Сондай-ақ заңды тұлғалардың шетел валютасындағы салымдарының үлесі 2006–2012 жж. аралығында 41 %-дан 28 %-ға дейін төмендеп, 2013–2014 жж. 26 %-дан 33 %-ға дейін өсіп, 2015 ж. 52 %-ды құрады және 2014 ж. салыстырғанда өсім 19 %-ды құрады. Ұлттық валютадағы салымдардың өсімі 2006–2012 жж. аралығында 44 %-дан 20 %-ға дейінгі аралықта ауытқыса, 2013–2015 жж. аралығында салымдар өсімі 4 %-дан 16 %-ға дейін кемігендігін байқатып отыр. Ал, шетел валютасындағы салымдардың өсімі 2006–2012 жж. аралығында 50 %-дан 10 %-ға дейін төмендесе, 2013–2015 жж. аралығында 4 %-дық өсімнен 85 %-ға дейін өсті [5].

Депозиттер мөлшерінің өсіміне келесі жағдайлар әсер етті:

1. Валюталық депозиттердің қайта бағалануы.
2. Мемлекеттің қаржы нарығына араласуы.

2016 жылы қаржы секторының жағдайын нығайту жолында көптеген онды іс-әрекеттер орындалды. Мемлекет экономиканың нақты секторын, яғни қаржы секторын, тұрақтандыру және қолдау көрсету мақсатында қосымша қаржылық құралдар бөлді.

Занды тұлғалардың депозиттер көлемі әлемдік тауар нарығында баға конъюктурасының өзгерісіне, ал жеке тұлғалардың депозитке деген сұранысы халықтың өмір сүру деңгейін азаматтардың қаржы институттарына, соның ішінде елдің банк жүйесіне деген сенім білдірушілігіне байланысты. Теңгенің девальвациясы салымшылардың ұлттық валютадағы ақшаларын шетел валютасына аудара бастауына әкелді. Соның салдары ақша массасы мен экономиканың долларизация деңгейінің өсуіне әкелді. Кез келген дағдарыста банк жүйесіндегі қауіпті жағдайлардың бірі — халық өз салымдарын сақтау мақсатында банк депозиттерінен ақша қаражаттарын уақытынан бұрын қайтарып алуы. Банк жүйесіне сенімділікті арттыру үшін салымдар бойынша жеке тұлғаларға кепілдендірілген қайтару сомасының деңгейін 10 млн тг дейін жеткізді. Қазіргі таңда әр банк бір-бірімен жарысып, өзіндік артықшылығын, ерекшелігін ұсынатын болып жүр. Әр банк депозит жүргізудің өзіндік саясатын ұстанады. Бұл нені көрсетеді? Біздің елдің депозит нарығындағы бәсекелестік қыза түсті деген сөз. Бәсекелестік бар жерде банктердің беделі де байқала бастайды. Банктер ішкі нарыққа ақша тарту үшін, әр түрлі амалдарға барып жатыр. Әрине, олардың бәрі де Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры орнатқан бірдей сыйақы мөлшерлемесін ұстанады. Бірақ клиенттерді өздеріне тартудың тәсілдері әр түрлі [6].

3 - кесте

Банктердің тартқан депозиттері және сыйақы ставкалары

Көрсеткіштер	2011 ж.		2012 ж.		2013 ж.		2014 ж.		2015 ж.	
	Млн тг	%	Млн тг	%	Млн тг	%	Млн тг	%	Млн тг	%
Ұлттық валютада тартылғандары	9095454	3,9	10027722	3,7	16311199	5,0	22030370	5,8	1108992	10,6
ЕАВ-ке тартылғандары	5587828	3,2	5780507	3,3	7072989	3,1	11092496	2,7	843274	3,1
БВТ-да тартылғандары	28602	1,4	49375	2,0	59682	2,6	96616	2,3	7700	3,0

Жоғарыдағы 3-кестеден көріп отырғанымыздай, ұлттық валютада тартқан депозиттер мен ставкалардың жыл сайын өскенін байқаймыз. Салымдардың көбеюінің басты себебі: сыйақы ставкаларының жыл сайынғы көтерілуінде. Еркін айырбасталымды валютада тартылған депозиттер 5 жыл бойы өссе, ал сыйақы ставкалары, керісінше, төмендеп отыр. Бұл еркін айырбасталымды валютаға сұраныстың көбеюі және оның қаржы нарығында өз құнының артуынан деп ойлаймыз. 2015 жылы 18 тамызда елімізде «инфляциялық шок» процесі орын алған болатын, яғни ұлттық валютамыз теңгенің бір сәтте құнсызданып, доллардың өсуі болып өтті. Бірақ, еркін айырбасталымды валюта мен басқа шетел валюталарына тартылған депозиттерге қарағанда, депозиттердің басым бөлігі ұлттық валютаға тартылған. Ал, басқа шетел валюталарының түрлеріне банктердің тартқан депозиттері жыл сайын өсіп, 2015 ж. төмендеген, сыйақы ставкалары жыл сайын көтерілген [7].

Қазіргі уақытта депозиттердің жағдайын тұрақтандыру үшін:

1. Банктің өз өтімділігін мемлекеттің араласуынсыз-ақ, өзі қамтамасыз етуі.
2. Депозиттер көлемін ұлғайту, тәуекел деңгейін азайту, өтімділікті бір қалыпты ұстап тұру.
3. Халықтың әл-ауқатын көтеру.
4. Бәсекеге қабілеттілікті арттыру және әрбір өңірде кәсіпкерлікті дамыту.

Банктің депозит қызметін жетілдіру жолдары:

1. Әлі де болса, депозит мерзімін қысқартып, пайыз ставкасын көтеру.
2. Клиенттерді ынталандыру мақсатында лотерея, акция, құнды сыйлықтар және т.б. мәдени іс-шараларды өткізу.

3. Депозитке салынған ақша қаражаттарын, бағалы қағаздарды, асыл тастарды сақтайтын сейфтерді және басқа қорғаныс жүйелерін соңғы үлгідегі жүйемен қамтамасыз ету.

4. Депозит түрін көбейту.

5. Депозит иелерінің санын өсіру мақсатында депозиттік операция түрлерін ұлғайтып, қосымша қызметтер көрсетіп, жеңілдіктер жасау.

Ендеше, депозиттік саясат банктің алдағы уақытта қызмет етуіне елеулі әсер ететініне, жалпы айтқанда, оның қызмет етуінің негізі болып табылатынына тағы бір мәрте көз жеткізген дейміз. Бүгінде алымдар бойынша жеке тұлғаларға кепілдендірілген қайтару сомасының деңгейі 10 млн дейін жетіп отыр. Яғни, коммерциялық банктердің өтімділігі тікелей ондағы депозиттік ресурстардың неғұрлым көп болуымен байланысты, ал бұндай ресурстарды жинақтау банктің депозиттік саясатына байланысты болады. Осы себептерге байланысты екінші деңгейлі банктерде депозиттік саясат жүргізу мәселесіне үлкен көңіл бөліп, оның дұрыс ғылыми негізделіп жасалуын үнемі бақылап, қадағалап отыру қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: Bnews.kz/news/economika_i_biznes/finan. — 2016.
- 2 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: Surak.szh — Қазақстан депозит нарығының институционалдық құрылымы. — 2016.
- 3 Статистикалық бюллетень. — 2016. — № 1 (254). — Қаңт.
- 4 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: Studopedia.org/6 — Депозиттік нарықтың құрылымы. — 2016.
- 5 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: Group – Global.org — Қазақстандағы депозит нарығының қазіргі жағдайы. — 2016. — 21 қаңт.
- 6 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: Lektsii.com/3 -100718. Қазақстан депозит нарығының қазіргі кездегі жағдайы. — 2013. — 30 мамыр.
- 7 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: Iskernews.kz — Депозит нарығында бәсеке бар. — 2016.

Г.Б. Мамраева, К.К. Рахимжанова

Состояние рынка депозитных операций в Республике Казахстан

Рассмотрены вопросы современного состояния рынка депозитных операций банков второго уровня. Проведен анализ участников депозитного рынка, рассмотрены вопросы привлечения вкладчиков и условия возмещения из фонда гарантирования вкладов. Показано соотношение вкладов по депозитам юридических и физических лиц. Отмечено, что увеличение ставок по депозитным операциям связано с переоценкой депозитов в иностранной валюте и их активным участием на финансовом рынке.

G.B. Mamrayeva, K.K. Rakhimzhanova

Condition of deposit trade of Kazakhstan

In this article there was a research about deposit trade in second level bank's passive operations in Republic of Kazakhstan. Also, there was discussion for our nation's deposit trade members. There was considered giving guarantee to attract nation's finance resources from fund's compensated compensation to deposit trade too. During consideration there was researching about investment's share of legal personality which are in second leveled banks' deposit base. Nowadays re-evaluation of monetary deposits and intervention into country's finance trade is influencing to our county's deposits rate's growing in optimal way.

References

- 1 [ER]. Access mode: Bnews.kz/news/economika_i_biznes/finan, 2016.
- 2 [ER]. Access mode: Surak.szh — Kazakhstan's institutional structure of deposit trade, 2016.
- 3 Statistical bulletin, 1 (254), January, 2016.
- 4 [ER]. Access mode: Studopedia.org/6 – Structure of deposit trade, 2016.
- 5 [ER]. Access mode: Group – Global.org — Deposit trade's condition of Kazakhstan for nowadays, January, 21, 2016.
- 6 [ER]. Access mode: Lektsii.com/3 -100718. Kazakhstan's deposit trade's condition of nowadays, May, 30, 2013.
- 7 [ER]. Access mode: Iskernews.kz — There is a competotion in deposit trade, 2016.